

«Ақтөбе облысының қаржы басқармасы» ММ бойынша
2018-2020 жылдарға арналған бюджеттік шығындарға
ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

«Ақтөбе облысының қаржы басқармасы» ММ облыс Әкімдігінің 2016 жылғы 12 тамыздағы №347 қаулысымен бекітілген Ереже негізінде жұмыс жасайды. Мекеме миссиясы- бюджеттің атқарылуын камтамасыз ету және облыстың коммуналдық меншігін тиімді басқару.

ҚР Бюджеттік кодексінің 67 бабына және Қаржы министрінің 2014 жылғы 24 қарашадағы №511 бұйрығымен бекітілген, бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларына сәйкес облыстың қаржы басқармасымен 2018-2020 жылдарға арналған бюджеттік өтінім жасалды.

2018-2020 жылдарға екі бюджеттік бағдарлама бойынша қарастырылған шығындар:

Бюджеттік бағдарлама атауы	2018ж	2019ж	2020ж
257.001.000 <i>«Жергілікті бюджетті атқару және коммуналдық меншікті басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер»</i>	87101,0	84 696,0	84 369,0
257.009.000 <i>«Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу»</i>	1573,0	1573,0	1573,0

2018 жылға арналған бюджеттік өтінім 2 бюджеттік бағдарламалары бойынша жалпы сомасы **88 674,0 мың теңгеге** жасалды, оның ішінде:

- **257.001.000** «Жергілікті бюджетті атқару және коммуналдық меншікті басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы бойынша – **87 101,0 мың теңге.**

- **257.009.000** «Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу» бюджеттік бағдарламасы бойынша - **1 573,0 мың теңге.**

257.001.000 «Жергілікті бюджетті атқару және коммуналдық меншікті басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы бойынша шығындар облыстық бюджеттің атқарылуы, облыстық мемлекеттік коммуналдық меншікті басқару, басқарма аппаратының қызметін қалыптастыруды және іске асыруды камтамасыз етуге жоспарланды.

111 «Еңбекақыны төлеу» ерекшелігі бойынша қажеттілік Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 17 қаңтардағы № 1284 «Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы» Жарлығына сәйкес, базалық лауазымдық еңбекақыны және түзету коэффициентін қолданумен, барлық міндетті төлемдерді ескере отырып

(жеке табыс салығы, зейнетақы жарнасы) бекітілген 29 штаттық санына **44 591,0 мың теңге** есептелді. Басқарма бойынша еңбекақы төлеудің айлық қоры **3 716,0 мың теңгені** құрайды.

113 «Өтемақы төлемдері» ерекшелігі бойынша шығындар Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 17 қаңтардағы № 1284 «Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы» Жарлығына сәйкес, «Мемлекеттік қызмет туралы» заңымен 2 лауазымдық еңбекақы мөлшерінде сауықтыру үшін өтемақы төлеуге **7432,0 мың теңге** есептелді.

121 «Әлеуметтік салық» және 122 «Әлеуметтік сақтандырудың мемлекеттік қоры әлеуметтік аударымдар» ерекшелігі бойынша еңбекақы төлеудің салық салу қорынан сәйкесінше 6 пайыз және 5 пайыз мөлшерінде ҚР салық кодексіне сәйкес есептелді және сәйкесінше **2408,0 мың теңгені** және **2007,0 мың теңгені** құрады.

123 «Міндетті сақтандыру бойынша жарналар» - ерекшелігі бойынша шығындар «Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» ҚР-ның 2003 жылғы 01 шілдедегі №446 заңының негізінде есептелінді және **48,0 мың теңгені** құрады.

124 «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар» ерекшелігі бойынша ҚР «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» заңына сәйкес есептелген 1,5 пайыз көлеміндегі еңбекақы төлеу қорының сомасы **669,0 мың теңге**.

131 «Техникалық персоналдың еңбекақысын төлеу» ерекшелігі бойынша ҚР Үкіметінің 2015 жылғы 23 қарашадағы 1193 «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» қаулысына сәйкес 6 бірлік санына **2 835,0 мың теңге** есептелді.

135 «Техникалық персонал үшін жұмыс берушілер үлесі» ерекшелігі бойынша шығындар салық кодексіне және "Әлеуметтік аударымдарды есептеу және аудару ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21 маусымдағы № 683 қаулысының негізінде есептелді және **324,0 мың теңгені** құрады.

136 «Техникалық персоналдың мемлекет ішінде іссапарлар және қызметтік жол жүрулер» ерекшелігі бойынша іссапар шығындары ҚР Үкіметінің 2000 жылғы 22 қыркүйектегі № 1428 «Мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттарының Қазақстан Республикасының шегіндегі қызметтік іссапарлары туралы ережені бекіту туралы» қаулысына, жоспарлы кезеңде басқарма қызметкерлерін іссапарлау жоспарының бекітілген жобасына сәйкес **144,0 мың теңге** есептелді.

144 «Жанармай, жанар-жағармай материалдарын сатып алу» ерекшелігі бойынша шығындар **1 176,0 мың теңгені** құрады және Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына арналған жанар-жағармай материалдары шығыстарының және автокөлікті күтіп ұстауға арналған шығыстардың нормаларын бекіту туралы 2009 жылғы 11 тамыздағы №1210 қаулысына сәйкес есептелінді.

149 «Өзге де қорларды сатып алу» ерекшелігі бойынша Басқарма ережесінде қаралған міндеттер мен функцияларды орындау үшін, қызметкерлердің санынан келе нақты қажеттілік бойынша **4 697,0 мың теңге**, оның ішінде:

- А4 үлгідегі қағаздарын сатып алу үшін-**1163,0 мың теңге**(880 дана x 1322 теңге 1 бірлікке)

-лазерлік принтерлерге арналған картридждер -**1086,0 мың теңге** (157 дана x6920 теңге 1 бірлікке),

-лазерлік принтерлерге арналған тонерлер -**215,0 мың теңге** (8 дана x26880 теңге 1 бірлікке),

-көшірме аппараттарға арналған картридждер - **44,0 мың теңге** (6 дана x7280 теңге 1бірлікке),

- басқарманың балансында тұрған үш автокөлік құралдарының ескеруіне байланысты (2005,2007ж шығарылған) көлік құралдарына қосалқы бөлшектер алуға **1889,0 мың.теңге**.

Оның ішінде:

- қысқы шина—**420,0 мың теңге** (1дана 35,0 мың тг жалпы 12 дана);
- жазғы шина-**300,0 мың.теңге** -12дана (1дана 25,0 мың тг);
- аккумулятор —**49,0 мың теңге** -3 дана (1 дана 16,2 мың тг дана);
- кілттер жинағы – **90,0 мың.теңге** (30,0 мың теңгеден 3 данасы);
- артқы амортизатор – **60,0мың теңге 6 дана** (1дана*10,0 мың тг);
- алдыңғы амортизатор—**60,0 мың теңге** 6дана(1дана*10,0 мың тг);
- газ баллонына – **8,0 мың теңге** (2 дана 4,0 мың теңгеге) ;
- муфта сцепления – 3 комплект-**105,0 мың теңгеге** (1 комп. 35,0 мың теңге);
- спидометр -**180,0 мың теңге**-3 дана (1данасы -60,0 мың теңге);
- стартер- **90,0 мың теңгеге** 3 дана (1 дансы 30,0 мың теңге);
- трос – **40,0 мың теңге** – 1 дана;
- тағы басқа құралдарға – **487,0 мың теңге**;

Бұл шығындарды есептеу кезінде прайс-парақтар пайдаланылды және аз бағада берілген ұсыныстар қолданылды.

- кезеңдік басылымдарға бір–бір данадан жазылуға («Егемен Қазақстан», «Казахстанская правда», «Ақтөбе», «Актюбинский вестник», «Правительственный бюллетень», «Президент актілерінің жинағы», «Бухгалтер бюллетені», «Қаржы», «Заң газеті», «Мемлекеттік қызмет») газеттер мен журналдар каталогына сәйкес **300,0 мың теңге** есептелді.

152 «Байланыс қызметтерін төлеу» ерекшелігі бойынша қажеттілік ҚР Үкіметінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 335 «Мемлекеттік органдардың аппаратын және ерекше үй-жайларын орналастыруға арналған алаңдар

нормалары мен телефон байланысын пайдалану үшін тиесілілік нормалары және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» қаулысына және ҚР Қаржы министрлігінің 2015 жылғы 17 наурыздағы № 179 «Мемлекеттік органдарды қызметтік және кезекші автомобильдермен, телефон байланысымен, кеңсе жиһазымен және мемлекеттік органдардың аппаратын орналастыру үшін алаңдармен қамтамасыз етудің заттай нормаларын бекіту туралы» бұйрығына, «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздік саласындағы бірыңғай талаптарды бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2016 ж 20 желтоқсандағы №832 қаулысына сәйкес **3 665,0 мың теңгені** құрады, оның ішінде:

- абонеттік төлем 16 негізгі және 1 қатарлас қалалық телефон нөмірлеріне **211,0 мың теңге** және 4 тікелей байланыс каналдарына **51,0 мың теңгені** құрайды;

- қалааралық байланыстарға айына орташа 79,7 мың теңге есептелді, ол жылына **956,0 мың теңгені** құрайды;

- интернет желісіне қол жетімділік қызметі үшін **2 127,0 мың теңгені** (5 нүкте үшін) құрайды;

- пошта-телеграф шығындары және шұғыл пошта қызметтері **320,0 мың теңгені** құрайды.

156 «Консалтингтік қызметтер мен зерттеулерге ақы төлеу» ерекшелігі бойынша 5 мемлекеттік кәсіпорындарға мониторинг жүргізу шығындарына - **1 000,0 мың теңге** жоспарланды, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 4 желтоқсандағы № 1546 «Мемлекеттік мүлікті, оның ішінде мемлекеттік кәсіпорындардың және мемлекет қатысатын заңды тұлғалардың басқару тиімділігінің мониторингін жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» қаулысына сәйкес, мүлікті басқаруы, соның ішінде мемлекеттік кәсіпорындармен және мемлекеттің қатысы бар заңды тұлғалардың басқару тиімділігіне мониторинг жүзеге асырылады. Объектілерді зерттеу бойынша жұмыстарды жүргізу, ақпаратты мониторингілеу, жинау және талдау, ұсыныстарды өңдеу үшін ҚР «Мемлекеттік сатып алулар туралы» заңына сәйкес белгіленген, тәуелсіз сарапшылар тартылады.

159 «Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу» ерекшелігі бойынша **12 935,0 мың теңге** шығындар, оның ішінде:

- мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердің тізілімін жүргізудің «Мемлекеттік мүлікті жалдау шарттарының тізілімі», «Мемлекеттік тұрғын үй қорының объектілерін жалға беру шарттарының тізілімі», «активтерді түгендеу» жүйесіне үздіксіз қол жетімділікті қамтамасыз ету бойынша қызметтер үшін мемлекеттік мүлік тізілімін жүргізу ережесіне сәйкес – **5944,0 мың теңге**;

- облыс бюджетінің атқарылуына мониторинг жүргізу үшін «Бюджеттік қаржыландыру» және «Бюджеттік жоспарлау» бағдарламалық өнімдерін сүйемелдеуге – **2 279,0 мың теңге**;

- бухгалтерлік есепті жүргізу үшін К2 - Бюджет бағдарламалық өнімдерін техникалық қолдау және сүйемелдеу бойынша қызметтерге - **597,0 мың теңге**;

- бюджеттік есептілікті жасау үшін «Бюджеттік процесстің мониторингі» ақпараттық жүйесін сүйемелдеу қызметтеріне - **430,0 мың теңге**;

- компьютерлік және органикалық техникаға техникалық қызметтерді төлеуге – **350,0 мың теңге**;

- «Заң» деректер базасының қызмет етуіне – **130,0 мың теңге**;

- газетке хабарлама беруге – **120,0 мың теңге**;

- ЭҚАБЖ ақпараттық жүйесін орналастыру үшін есептелген қуаттылықтарды беру қызметтеріне – **983,0 мың теңге**;

- бұйрық бланктері мен фирмалық бланктердерді дайындауға – **180,0 мың теңге** - 6666 дана (1 бірлікке x27 теңге);

- жалюзи дайындауға – **630,0 мың теңге** 126 ш. м.(1 ш.м-ге 5000 тг);

- шағын АТС-на техникалық қызмет көрсетуге – **30,0 мың теңге**;

- банктік қаржылық қызмет көрсетуіне 0,3 % бойынша - **300.0 мың теңге**;

ҚР Президентінің 2004 жылғы 11 қазандағы № 1457 Жарлығымен бекітілген, Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерін қайта даярлау және біліктілігін арттыру ережесіне сәйкес, әкімшілік мемлекеттік қызметке жаңадан қабылданғандар және басшылық әкімшілік қызметке тағайындалғандар қайта даярлаудан өтеді және әкімшілік мемлекеттік қызметшілер үш жылда бір рет біліктілігін арттыруға жіберіледі.

Осыған байланысты, орта есеппен мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыруға 11 адам **756,0 мың теңгеге** (1 адамға -68 720 теңге) және қайта даярлауға 1 адам **206,0 мың теңгеге** жоспарланды.

161 «Мемлекет ішінде іссапарлар және қызметтік жол жүрулер» ерекшелігі бойынша іссапар шығындары ҚР Үкіметінің 2000 жылғы 22 қыркүйектегі № 1428 «Мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттарының Қазақстан Республикасының шегіндегі қызметтік іссапарлары туралы ережені бекіту туралы» қаулысына, Мемлекет басшысы «100 нақты қадам» ұлт жоспарында аудан, ауыл және кенттерде жергілікті өзін өзі басқару органдарына дербес бюджет түзу қажеттігін тапсырғандығын ескере отырып, «Жергілікті өзін-өзі басқару бюджеті аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ деңгейінде 2018 жылдан бастап халық саны 2000 адамнан астам әкімшілік аумақтық бірліктерде, ал 2020 жылдан бастап барлық жерлерде мемлекеттік бюджеттің 4 - деңгейі ретінде енгізілуіне байланысты түсіндіру жұмыстарымен аудандарға, ауылдық округтерге іссапарға шығуға байланысты және жоспарлы кезеңде басқарма қызметкерлерін іссапарлау жоспарының бекітілген жобасына сәйкес **3 000,0 мың теңге** есептелді.

169 «Өзге ағымдағы шығындар» ерекшелігі бойынша шығындар – 30,0 мың теңгені құрады. Қоршаған ортаға эмиссия үшін төлем – 12,0 мың

теңге, мекеменің үш автокөлігін техникалық тексеруге жалпы сомасы - 18,0 мың теңге жоспарланды.

416 «Материалдық емес активтер сатып алу» ерекшелігі бойынша Антивирус программасын сатып алу шығындарына жоспарланған **140,0 мың теңге** (1 бірлікке 10 дана x14000 теңге).

257001015 бюджеттік бағдарламасы бойынша 2016 жылға 66857,8,0 мың теңге жоспар кезінде 66863,0 мың теңге қаражаты игеріліп, басқармаға жүктелген міндеттемелердің уақытылы орындалуын қамтамасыз етті, 100% игерілді.

Күтілетін нәтижелер:

Аппаратты басқаруды ұстауға бөлінген қаражаттың жүз пайз игерілуі. Ақтөбе облысы әкімдігінің 2016 жылдың 12 тамыздағы №347 қаулысымен бекітілген «Ақтөбе облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесінің Ережесіне сәйкес, аппарат қызметінің үздіксіз сапалы және тиімді орындалу функциясын қамтамасыз еті.

257.009.000 «Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу» бюджеттік бағдарламасы бойынша коммуналдық меншік объектілерінің техникалық жағдайын анықтау, бағалау, коммуналдық меншік объектілерін жекешелендіруін дайындау, кезендік баспа өнімдерінде ақпараттық хабарлама жариялау, жекешелендіруден кейінгі бақылау шарттары бойынша міндеттемелердің орындалуын бағалауға 2018 жылға 1573,0 мың теңге қаражат жоспарланған.

Ақтөбе облысының коммуналдық меншігінен 2018 жылға екі нысанды жекешелендіру жоспарланған.

ҚР-ның 2015 жылдың 30 желтоқсандағы №1141 «Жекешелендірудің кейбір мәселелері туралы» қаулысына сәйкес жекешелендіру жоспарына екі объект қосылды («Орталық стадион» КМК және «Ақтөбе» Облыстық футбол клубы» АҚ).

Қаражаттар:

- коммуналдық меншік объектілерін бағалау бойынша есептерді дайындау қызметтерін көрсетуге **657,0 мың теңге**;
- кезендік баспа өнімдерінде ақпараттық хабарламаны жариялауға **572,5 мың теңге**;
- жекешелендіруден кейінгі бақылау шарттары бойынша міндеттемелердің орындалуын бағалау туралы есептерді дайындауға **343,5 мың теңге** бөлінді.

Басқарма басшысы

Г.Суентаева

орынд: Н. Унербаев
К. Раимкулов